

"Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалары бар отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету Қағидасын бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 20 ақпандағы № 3-1-550қ қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 21 ақпандағы № 158-280 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 наурызда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 804 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 7 қарашадағы № 158-2291 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 07.11.2017 № 158-2291 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 10 және 11-баптарына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16, 29-баптарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалары бар отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету Қағидасын бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 20 ақпандағы № 3-1-550қ қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 10 наурызда № 314 болып тіркелген, 2004 жылғы 30 наурызда № 41 "Астана хабары ", 2004 жылы 30 наурызда № 35 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалары бар отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету Қағидасында (бұдан әрі – Қағида):

Қағиданың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағида Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі заңдарына сәйкес әзірленді";

11-тармақ мынадай редакцияда жасылсын:

"11. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жанындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің мүгедек баланы үйде тәрбиелеу және/немесе оқыту қажеттілігі туралы қорытындысында көрсетілген мерзімде, бірақ оны алуға құқығының пайда болған уақытынан бұрын емес, әлеуметтік көмекті тағайындауға хабарласқан айдан бастап жүзеге асырылады".

2. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен ресми және мерзімді баспа басылымдарында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын интернет-ресурста, Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.Ғ. Балаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов